**«ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ ҮШІН ТМД ЕЛДЕРІНЕ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР» ЖОБАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕБІ**

**Ақтау қаласы**
**2022 жылы**

# ҚОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

**Грант беруші:** «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры
**Грант тақырыбы:** Жастар ұйымдарының көшбасшылары үшін ТМД елдеріне тағылымдамалар
**Грант сомасы:** 8 688 408 (сегіз миллион алты жүз сексен сегіз мың төрт жүз сегіз)

## 1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

**1 міндет. Тағылдамаға қатысушы үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту**
**1 шара. Тағылымдамадан өтуге арналған конкурсты ұйымдастыру.**

Аталған міндетті орындау үшін өңірдегі белсенді жас азаматтардың (жастар ұйымдарының жетекшілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері, жастар қызметкерлері, жас қоғамдық көшбасшылар, жас мамандар, жас депутаттар, жас саяси белсенділер, волонтерлер) арасында тағылымдамадан өту мүмкіндігі жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстарды ұйымдастырылды. Тағылымдамадан өтуге арналған ашық конкурс жарияланды, қосымша қоғам тарапынан ұсынылған үміткерлер де конкурсқа шақырылды.

Конкурс Ережесі www.mangystauzhastary.kz сайтында жарияланып, тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау beken.zhastary@gmail.com электронды мекен-жайы және қағаз күйінде қабылдау арқылы жүргізілді және жобалық топ техникалық іріктеу ұйымдастырды. Техникалық іріктеуден өткен үміткерлер конкурстық іріктеуге жолдама алады.

Қор тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша критерийлерді анықтады және қоғам белсенділерінің, мемлекеттік органдардың, БАҚ саласының кәсіби әрі беделді өкілдерінің қатысуымен конкурстық комиссия құрамын жасақтады. Комиссия құрамында Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Батырхан Қуанышбеков, «Маңғыстау Медиа» ЖШС директоры Гүлмира Абишева, «Mediana Services Limited» IT компаниясының басшысы Өмірбек Құрбанбаев, Маңғыстау облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі, Аймақтық жобаларды мониторингілеу орталығының мемлекеттік қызмет және қауіпсіздік базалық бағытын жүзеге асыру тобының басшысы Жақсыгүл Маханбетова және облыстық жастар ресурстық орталығы басшысының орынбасары Мұқаш Оралбай кірді.

Жоба аясында 24 тамыз – 7 қазан аралығында өңірдегі ең ауқымды жастарға арналған шетелдік тағылымдамадан өту мүмкіндігін беретін байқау жарияланды. Байқауға 101 өтінім түсіп, байқау Ережесіне сәйкес келген және өтінімді толық толтырған 50 жас конкурстық кезеңге жолдама алды.

Конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер Конкурстық комиссия мүшелеріне өзі және қоғамдық қызметтегі жетістіктері, жүзеге асырған жобалары туралы таныстырылым жасады. 12-13 қазан комиссия мүшелері үміткерлермен сұхбаттасып, өтінімдерді қарап, олардың қоғамдық қызметі мен жетістіктерін бағалады. Комиссия мүшелері қатысушылардың байқау талаптарына толық сәйкес келуі, топ

басқаруда тәжірибесінің болуы, қоғамдық қызметте жетістіктерінің болуы, әлеуметтік немесе әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған инновациялық жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесінің болуы, үміткердің байқауға қатысудағы мотивациясы бойынша саралады.

Ал екінші күні тікелей эфир арқылы жеңімпаздардың есімін көпке жариялады.

Байқау комиссиясының шешімімен Мұнайлыда тарих пәнінен сабақ беріп, ерекше балалармен жұмыс істеуді мақсат еткен Ұлмекен Жарасбаева, Ақтаудағы шығармашыл жастардың басын біріктіріп, 4 000 000-ға жуық қаралым жиған контент менеджер, режиссер Нұрсұлтан Мұрзабек, командасымен бірге өңірде алғаш рет ақысыз кәсіби бағдарлау лагерін ұйымдастырған Анар Қатаева, Құрықта дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болса да, мұқтажға көмек көрсетіп жүрген Алмаз Дощаев, түзету мекемесіндегі жастарға қашықтан оқуға мүмкіндік жасаған «Ақ жол жастар» жастар қанатының жетекшісі Гүлмайса Шаңбаева жеңімпаз атанды. Сондай-ақ жеңімпаздар қатарында қаладағы студенттік ұйымдарға трансформация жасаған студент Нұрлан Нараддинов, балалар мен жасөспірімдерді оқытып, бірнеше жасты жұмыспен қамтыған Данияр Амангелдиев, 16 жасынан қоғамдық жұмыспен айналысып, облыстың ең жас депутаты атанған Гауһар Шамқұлова және журналист, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырамын деп жүрген Нұрлан Қуанышбай, жаңаөзендік жігіттердің басын қосып, мұқтаж азаматтарға үй салып, сыйлап жүрген Алдияр Төлеуов жеңімпаз болып танылды.

Байқау нәтижесінен соң Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Ұлықбек Тналиев, Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Батырхан Қуанышбеков және облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Абылай Фазылбек Қырғызстан мен Грузияға баратын жастармен кездесті.

Шара аясында «Бекен» жас көшбасшылар достастығының жетекшісі облыс әкімінің орынбасарына тағылымдаманың негізгі мақсатын айтып, жеңімпаз 10 жасты таныстырды. Сондай-ақ Қырғызстан мен Грузияға арналған тағылымдама жоспарымен бөлісті. Ұйымдастырушылар тарапынан жеңімпаздарға арнайы box-қорабы (имидждік өнімдер) табысталды.

**2 міндет. Жастар ұйымдарының жетекшілері үшін ТМД елдеріндегі ҮЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдамалар ұйымдастыру**

**2 шара. Жас көшбасшыларды Қырғыз Республикасындағы ҮЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдама ұйымдастыру**

Аталған міндетті орындау үшін жобалық топ азаматтық қоғам институттары дамыған, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда және мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы байланыс нәтижесінде айтарлықтай жетістікке жеткен ТМД елдеріндегі (Тапсырыс берушінің келісімімен қордың серіктестері Қырғызстан Республикасы, Грузия Республикасы,) ҮЕҰ-нда және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында үш күндік сапар ұйымдастыру бойынша дайындық жұмысын жүргізді.

Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде Тапсырыс берушінің келісімімен Қырғызстан Республикасында сапарды ұйымдастыру бойынша келісімге келді.

Байқаудың 5 жеңімпазы қазан айының 12-15 күндері аралығында Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласында тағылымдамадан өтіп, барлығы 9 үкіметтік емес ұйымдардың, жастар ұйымдары мен әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарымен танысты.

Алғашқы күні Маңғыстаулық жастар Бішкек қаласындағы **IDEA халықаралық ұйымының** жұмысымен танысты. Аталған ұйым жастар бастамаларына қолдау көрсетіп, идеялары мен құқықтарын қорғауға бағытталған. Соңғы жылдары медиа бағытында креативті жұмыс атқарып жүр. Сол арқылы қырғызстандықтарға өзекті тақырыптарда контент ұсынуда.

«IDEA» халықаралық ұйымның Қырғызстандағы өкілеттілігін көріп шықтық. Біршама жобаларды медиа нарыққа шығарып, қарқынды жұмыс істейді екен. Пікірсайыс қозғалысынан басталған ұйым қазір қыздардың құқығын қорғаумен, медиасауаттылықты арттырумен айналысады. Халыққа әр азаматтың үні естілу үшін арналған жобалар толықтай қаржыландырып, оқытылады», - дейді тағылымдамадан өтуші Данияр Амангелдиев. Айта кетейік, қазір ұйымда «Медиа жаса», «Қыздар медиа академиясы» сынды жобалар жүзеге асады. Одан бөлек жастарды өмірлік маңызы бар дағдыларға, кәсіпкерлік негіздерге, менеджментке бағыттайды.

Келесі ұйым – **«Халықаралық білім беру бастамалары» корының** жұмыс барысымен танысты. Аталған қордың негізгі міндеті - білімнің қолжетімді болуына ықпал етіп, білім саласына үлес қосуға бағытталған жеке бастамаларды қолдау. Сонымен қатар білім алуға ұмтылған жастарды бағалап, олардың бәсекеге қабілетті, жан жақты болуына жағдай жасау.

Бүгінгі таңда "Халықаралық білім беру бастамалары" қоры балалар мен жастар үшін маңызды жобаларды орындап жатыр. Қор директоры Мээрим Абдрахманованың айтуынша, студенттер мен жас мамандардың қаражылық сауаттылығын арттыру үшін «FIN OLIMP», мектеп оқушыларына «CARPO» олимпиадасын өткізеді. Бішкек қаласындағы кітапханаларды жаңарту мақсатында «QHUB» жобасын қолға алған. Осы уақытқа дейін қаладағы үш кітапхана заманауи үлгіге сай жаңарған. Сондай-ақ балаларға арналған «ENGLISH TODAY», «BILIM BOOM», «ONLINE MEKTEP» және т.б жобаларды жүзеге асырып жатыр. Маңғыстаулық жастар қор жұмысымен танысқан соң сауалдарын жолдап, қор мамандарымен пікір алмасты.

Көшбасшылар Қырғызстандағы екінші күнді **«Жастарды дамыту институты» қоғамдық қорынан** бастады. Аталған ұйым Қырғыз Республикасындағы жастармен жұмысты және жастар саясатын дамытуға жәрдемдеседі.

Бүгінде ұйым Қырғызстанның дамуына атсалысатын, белсенді, қамқор жастарды біріктірген. Сонымен қатар жастарды көшбасшылыққа баулып, мүмкіндіктердің навигаторы атанып үлгерген. Мұнда жастардың саяси, құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған түрлі ойындар ойнатылады. Шығармашыл жастарға актерлік және дубляж жасау шеберліктерін үйрететін «JashProduction», инновациялық жобаларға арналған «Prosperity Cup Kyrgyzstan» және басқа да жобаларды жастарға ұсынып жүр.

Сонан соң маңғыстаулық жастар **«Compass» колледжінде** болып, көшбасшылар колледж ғимаратымен танысып, ондағы мүмкіндіктермен танысты. Колледж дизайн, өнер және шығармашылық бизнес салаларында креативті мамандарды даярлайды. Соған сай инновациялық білім беру бағдарламалары арқылы студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, талантын кәсіпке және қарқынды дамып келе жатқан креативті экономикада табысқа жетуге көмектеседі. «Compass» колледжі графикалық және цифрлық дизайн, медиа дизайн және бейнелеу өнері, өнім және өнеркәсіптік дизайн, сән дизайны, интерьер және сәулет дизайны, сонымен қатар шығармашылық бизнес салаларында кәсіби білім беріп жатыр», - дейді колледж ректоры.

Жастар кездесу барысында өзіне керек идеялар мен тәжірибені жинап, қызықтырған сауалдарына жауап алды.

Екінші күн Маңғыстау жастары **Жас кәсіпкерлер қауымдастығының** қызметімен танысты. Қауымдастықтың негізгі қызметі елдегі «Атамекен» кәсіпкерлік палатасына ұқсайды. Жалпы кәсіпкерлерге ақпараттық және әкімшілік қолдау көрсетеді. Кәсіпкерлердің жан жақты дамуына, өзара байланысуына көмектеседі. Қауымдастық менеджері Азамат Дүйшеевтің айтуынша, қазір мұнда 15 мыңнан астам кәсіпкер бар. Оның ішінде 1 500 шетелдік кәсіпкер бар.

Сонымен қатар қауымдастық кәсіпкерлікке арналған семинар-тренингтер, ірі халықаралық, Орта Азиялық форумдар, шығармашылық, бизнес салаларына қатысты жиындар өткізеді. Бүгінде қауымдастық Қазақстан, Өзбекстан, Малазия, Пәкістан сияқты елдермен тығыз байланысты. Сол елдермен іскерлік турлар жиі ұйымдастырады.

Келесі нүкте **«Ololo City» креатив хабы.** Хаб Бішкек қаласындағы және Ыстықкөл мен Оштағы кеңселерді, жұмыс орындарды, коловингтерді, жатақханаларды қамтитын шығармашылық хаб. Яғни, кез келген жанның ыңғайлы жұмыс істеуіне, оның дамуына көмектеседі. Офисті жалға береді. Іскерлік кездесуге арналған арнайы кабинеттер де қарастырылған. Тек кабинеттер ғана емес, жатақханасы да бар.

Креативті хаб бірнеше қызметті өз тұтынушыларына ұсынады. Атап айтқанда, «John Galt»жобасы аясында кәсіпкерлердің алға жылжуына, таыс табуына көмек көрсетсе, «Make Nova» арқылы армандаған жұмысыңа орналаса аласың. Одан бөлек кәсіпкерлікке баулитын түрлі курстар мен іс-шаралар ұйымдастыратын бизнес мектебі бар.

Оған қоса «Code Generation» атты балаларға арналған бағдарламалау мектебі жұмыс істейді. Мұнда балалар веб-сайттарды, мобильді қосымшалар, ойындар, мультфильмдер және шығармашылық жобаларды қалай жасау керектігін үйренеді. Бір сөзбен айтқанда барлық жастағы жандар үшін қолайлы жағдай жасауды басты мақсат еткен ұжым.

Үшінші күні жас көшбасшылар **Қырғызстандағы бірінші балалар хосписіне** барды. Мұнда онкологиялық аурулары бар ауыр науқастарға білікті мейірбикелер психологиялық көмек пен моральдық қолдау көрсетеді. Науқастардың жайлы өмір сүруін қамтамасыз етеді. Көшбасшылар аталған бірінші балалар хосписіне барып, қызметімен танысты. Сондай-ақ Маңғыстау жастары атынан бірінші балалар хосписіне қажетті заттар тарту етті.

Сонан соң маңғыстаулық жастар **«Қырғыз патент» мемлекеттік мекеме жанынан құрылған инновациялық орталыққа** барды. Орталықта прототиптер жасауға және идеяларды тексеруге арналған өндірістік «Fablab» зертханасы, «Youth iLab» балалар зертханасы және коворкинг аймағы бар. Оған қоса келушілер үшін заманауи жабдықтары бар конференц-залы мен кездесу бөлмелері қарастырылған.

Мұның барлығы жаңашыл жастарға арналған. Яғни, орталықтағы мүмкіндіктер арқылы жастар түрлі инновациялық жаңалықты ашуға және оны сынап көре алады. Сонымен қатар түрлі курстар өткізіп, тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар ұйымдастырылып тұрады.

Маңғыстаулық көшбасшылар **«ProKG» кәсіпқойлар клубының** жұмысымен танысып, атқарушы директоры Елдос Амантұровпен кездесіп, сұхбаттасты. «ProKG» кәсіпқойлар клубы 2009 жылы құрылған қоғамдық ұйым. Клубқа шетелдік жетекші университеттерде білім алып, аты әлемге әйгілі компаниялар мен ұйымдарда жұмыс істейтін жас мамандар кірген. Негізгі мақсаты – болашақ көшбасшыларды шабыттандыратын және бағыт беретін мамандарды біріктіретін платформа құру. Сол арқылы олар жастардың білім беру және кәсіби әлеуетін, сондай-ақ тұлғалық өсуін дамытуға жұмыс істейді.

Клубтың атқарушы директоры Елдос Амантұровтың айтуынша, жүзеге асырып жатқан бірнеше жоба бар. Атап айтқанда әлемдегі үздік университеттерінің түлектерімен бірлесіп жасаған «Қадам» білім беру жобасы, аналарды дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді «Энелер-Мария» жобасы бар. Одан бөлек «ProBooks» жобасы аясында аз ақыға қымбат кітаптарды оқуға мүмкіндік беретін заманауи бизнес кітапхана қызмет көрсетеді. Сонымен қатар жас мамандар арасындағы қаржы, экономика және IT пәндері бойынша жаңа форматтағы республикалық олимпиада ұйымдастырылады. Бұл өз кезегінде жас мамандарды жұмысқа орналастыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, жас көшбасшылар сапар аясында Қырғыз Республикасының Жоғарғы Кеңесінде, Ұлттық Музейде, «Сапура» этнокомплексінде, Ала-Арча табиғи қорығында болып, қырғыз елінің тарихы мен табиғатымен танысты.

Сапар нәтижесі бойынша «Бекен» жас көшбасшылар достастығы «Жақсы ниет» қоғамдық бірлестігімен (Қырғызстан Республикасы) өзара ынтымақтастық пен әріптестік жөнінде Меморандумға қол қойылды.

**2 шара. Жас көшбасшыларды Грузия Республикасындағы ҮЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдама ұйымдастыру**

Тағылымдаманың алғашқы күні байқаудың келесі 5 жеңімпазы **«Geocase» орталығында Грузиядағы жастар саясатының сарапшысы Вахтанг Асанидземен** кездесті. Кездесу барысында жастар саясатының негізгі жұмысы мен ерекшелігі жөнінде айтты. Жастар саясатын алға жылжытуға негізделген құжаттармен таныстырды. Сонымен қатар мемлекет пен жастар арасындағы байланысы, мүмкіндіктер жайлы әңгіме қозғалды.

Вахтанг Асанидзенің айтуынша, мемлекеттік жастар саясаты Грузия Республикасы жастар саясатының 2022-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында орындалып жатыр. Негізгі бағыты - грузиялық жастармен жұмыс, олардың бастамаларына қолдау көрсету. Еріктілер қозғалысын дамыту және қоғамдық-саяси жұмысқа араластыру, жастардың бойына өмірлік маңызы бар дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Мұнда ең ірі ұлттық жастар ұйымдарының кеңесі, жас экономистер одағы, Грузия скаут орталығы белсенді қызмет етеді.

Көшбасшылар кездесу барысында қызықтырған сауалдарына жауап алып, еркін пікір алмасты.

Сонан соң Маңғыстаулық жастар **«Жас экономистер қауымдастығы» ұйымымен** танысты. Аталған ұйым Грузияда ең алғаш ашылған ірі үкіметтік емес ұйымның бірі. 1992 жылы құрылған қауымдастықтың қазіргі таңда 100-ге жуық мүшесі бар. Ұйым Грузия Республикасында экономикалық реформа жасауды, елге ақпараттық, әкімшілік, методикалық қолдау көрсетуді мақсат еткен.

Бүгінде республикадағы экономиканы дамыту бойынша журналистика, қаржы, экология саласындағы сарапшылардың басын біріктірген. Сол арқылы ауылдық елді-мекендердің даму жоспарын жасақтауға көмектеседі. Сонымен қатар Грузияға келген босқындардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс істейді. Жастар мен әйелдерге арналған кешенді оқыту шараларын ұйымдастырады. Жас кәсіпкерлерге шағын гранттар бөліп, қолдау көрсетеді.

Келесі кезекте жастар **Грузиядағы волонтерлік орталықтың басшыларымен** кездесті. Елдегі барлық волонтерлік ұйым шоғырланған орталықта 100 мыңға жуық ерікті бар. Негізгі бағыты - инфрақұрылымы жоқ, даму көрсеткіші төмен ауыл-аймақтағы

балаларға көмек көрсетеді. Оларға қосымша білім береді. Бос уақытын тиімді пайдалануы үшін түрлі бағдарлама жоспарлайды. Сонымен қатар менторлық қызмет көрсетеді.

Тағы бір бағыты - әйелдерге қосымша дағдыларды меңгеруге бағытталған оқу ұйымдастырады. Құқық қорғау бойынша кеңес берумен айналысады. Сондай-ақ қандай да бір елде болып жатқан төтенше жағдайларда әлеуметтік көмек көрсетеді.

Екінші күні тағылымдамадан өтушілер **«Dadari» әлеуметтік кәсіпкерлік нысанына** барды. Онда балаларға арнап ағаштан ойыншықтар мен түрлі бұйымдар жасалады. Бір ерекшелігі мұндай қолөнермен ерекше қажеттілігі бар адамдар, мүмкіндігі шектеулі жандар, босқындар айналысады. Грузиялықтардың айтуынша, «Dadari» бұйымдары жоғары сұранысқа ие. Экологиялық таза өнім. Балаларға ешқандай да зиян келтірмейтін материалдар қолданылады. Жастар қызықтырған сұрақтарына жауап алып, бұйым жасайтын мамандармен тәжірибе алмасты.

Сонан соң жастар **«Babale» әлеуметтік-кәсіпкерлік ұйымымен** танысты. Мұнда ағаш, керамика, матадан түрлі ойыншықтар жасайды. Кейін өнімді «Даун» синдромы бар балаларға ұсынып, әлеуметтендіруге атсалысады. Сондай-ақ жұмыспен қамтып отыр. Ұйым жетекшілерінің айтуынша, нысан ең алдымен «Даун» синдромы бар балаларды тәрбиелеп отырған аналардың қауымдастығы ретінде құрылған. Қазіргі таңда ұйым өнімдерін Грузиядағы ірі компаниялар, бизнес өкілдері, мемлекеттік мекемелер сатып алады.

Көшбасшы жастардың екінші күні **«Zero Effect» ұйымына** барумен аяқталды. Аталған ұйым Грузияда алғаш болып қалдықсыз өндірісті қолға алған. Ұйымның мақсаты – жергілікті тұрғындардың қалдықсыз өмір салты туралы сауатын арттыру, экологиялық өнімдермен таныстырып, көпке таза өнім ұсынады. Сол арқылы қоршаған ортаны қорғауға атсалысады.

Zero Effect – British Council жобасының жеңімпазы. Сондай-ақ Creative Spark байқауының халықаралық номинациясын жеңіп алған. Экологиялық сауаттылық пен дағдыны қалыптастыруды қолға алған ұйымның тәжірибесі маңғыстаулық жастар үшін қызықты болды.

Жастар тағылымдама аясында «**Parallel class» жобасының шығармашылық ұжымымен** танысты. Жоба 2017 жылдан бері шығармашыл азаматтардың басы біріктірген. Негізгі міндеті - жоғары сынып оқушылары үшін параллельді, бейресми білім беру процестерін құру. Ұжым жас суретшілердің бастамасымен жұмыс істейді және елдегі білім беру ресурстары, шығармашылық ұйымдар, мектептер арасындағы байланыстырушы буын ретінде шығармашылық әдістерді қолданады.

Ұжым осы 5 жыл ішінде жоғары сынып оқушыларына жергілікті және халықаралық жаңартылған ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік берді. Тбилисиде де, Грузияның басқа аймақтарында да IX, X, XI және XII сынып оқушылары үшін оннан астам жоба жасаған. Мамандардың айтуынша, курстың әрбір концепциясы өзінің мазмұнымен және практикалық нәтижесімен ерекше. Себебі сол арқылы оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырып отырады. Қазір ұйымның іс-шараларына 30-дан аса мектептен 200-ге жуық оқушы қатысады. Ал кейбір студенттер ұйыммен әлі байланысын жалғастыруда. PARALLEL CLASS кабинетіндегі оқу процестеріне жергілікті, жас және тәжірибелі заманауи суретшілер қатысады. Ұйым әртүрлі мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық орнатқан. Олардың білімі мен тәжірибесін баламалы мектеп бағдарламасы мен оқу жоспарына айналдыруға тырысады. Студенттерге шығармашылық және практикалық шешімдерді алуға мүмкіндік береді.

Тағылымдамадан өтушілердің келесі бағыты **«Fabrika» көпбейінді мәдени орталығы** болды. Кеңес заманынан қалған архитектура, заманауи стиль, шығармашылық орта. Осының бәрі бір кеңістікке біріккен. Аталған мәдени орталық бұрын тігін шеберханасы

болған. Ал қазір заманауи ашық кеңістікке айналдырған. Мұнда әртүрлі шеберханалар, кеңсе залдары, коворкинг, студия бар. Соның нәтижесінде жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар ашық аланда тегін курстар өткізіледі. Бірнеше кәсіпкердің қызмет көрсетуіне жағдай жасаған. Орталық мамандарының айтуынша, кәсіпкерлерді таңдағанда корпоративтік мәдениетіне, жауапкершілігіне мән беріледі.

Тағылымдаманың қорытынды күні жастар **«Куб в контексте» жобасымен** танысты. Жоба жетекшілерінің айтуынша, аспалы жол станциясы Кеңес Одағы құлағаннан кейін түкке тұрғысыз боп қалған. Қоқыс толы орынға айналған. Алайда волонтерлар бастама көтеріп, Тбилиси әкімдігіне ғимаратты пайдаға асыру бойынша ұсыныс жолдаған. Содан бері ескі-құсқы ғимарат жаңарып, заманауи үлгіде безендірілген.

Бүгінде бұл ғимарат шығармашыл адамдар басқосатын алаңға айналды. Келген кез келген жанға тегін коворкинг, галерея жұмыс істейді. Қала тұрғындарының бос уақытын тиімді пайдалануына мүмкіндік беріп, мәдени, қоғамдық шаралар өткізіледі. Осылайша, белсенді азаматтарға қолдау көрсетуге арналған заманауи кеңістіктің бірі.

Жалпы тағылымдамадан өтушілер үшін Тбилиси ғимараттарының архитектурасы модернге ұмтылса да классикалық тарихи стилін жоғалтпаған мекен ретінде есте қалғандай.

**3 міндет. Тағылымдамаға қатысушыларға тағылымдамаға дайындық және одан өту кезеңдерінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету**

Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтады.

Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырды. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер атсалысты. Мәселен, «инстаграм» әлеуметтік желісінде 30,6 мың оқырманы бар Берік Сұңғатов, 62,6 мың оқырманы бар Әлия Бекіш, 82,9 мың оқырманы бар Мадина Лепесбаева, 90,6 мың оқырманы бар Нұрбол Сағидуллин және т.б.

Медиа маман қордың және инфлюенсерлердің парақшалары, www.mangystauzhastary.kz сайты үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырды.

Тағылымдамаға қатысушы делегаттармен кері байланыс орнату құралы ретінде олардың жеке парақшаларында ақпараттық жазбалар (тағылымдама барысы, тәжірибесі мен білімі туралы) жарияланды.

Жобалық топ тағылымдамадан өтуші – делегаттардың сұрақтары мен туындаған мәселелері бойынша онлайн және офлайн тұрақты байланыс орнатты.

Контент жоспарға сәйкес қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында өңірдегі жастар ұйымдарының жетекшілері туралы ақпарат беретін «Біздің көшбасшылар» айдары, тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алған жастар туралы «Біздің жеңімпаздар» айдары, халықаралық тәжірибе алмасу және білім беру бағдарламалары мен іс-шаралары туралы «Жастарға мүмкіндік» айдары іске қосылды.

**4 міндет. Өңірдегі мансаптық өсуге ынталы, кәсіби дағдылар мен басқарушылық құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейіне ие қазіргі заманғы және тиімді жас көшбасшылардың пулын қалыптастыру**

**3 шара. Тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған «Жас көшбасшылар клубын» құру және жұмысын жүргізу.**

Аталған міндетті орындау үшін қор тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған «Жас көшбасшылар клубын» құрды және жұмысын жүргізді.

Клуб өңір жастарынан тұратын өзін-өзі басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады, клуб қызметі өңір жастарының аса маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған.

**Клуб мақсаты** - Жастар арасында көшбасшылық қасиеттер мен дағдыларды дамыту, сонымен қатар олардың өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау және өңірде жас көшбасшылар қауымдастығын құру.

**Міндеттері:**

- Білім беру іс-шаралары арқылы жастардың патриоттық дүниетанымын қалыптастыруға және құзыреттерін дамытуға жәрдемдесу;
- Жеке, қоғамдық және мемлекеттік институттар мен бастамаларды құруға және дамытуға бағытталған мүдделер бойынша кәсіби және жастар қауымдастығын құру;
- Жастар мен жасөспірімдерге арналған білім беру-ағарту кездесулерінің циклін ұйымдастыру;
- Жастар мен жастар ұйымдарының, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының әлеуметтік бағдарын жандандыру;
- Жастардың көшбасшылық қасиеттерін, сондай-ақ командада жұмыс істеуге деген ұмтылысы мен қабілетін дамыту үшін жағдай жасау

Тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған топ Ақтау қаласындағы, Мұнайлы және Қарақия аудандағы белсенді жастармен кездесіп, қоғамдық қызметтегі жетістігі мен мемлекеттік қолдау тетіктері жөнінде ақпаратпен бөлісті. Ақтау қаласындағы 6 кәсіптік арнаулы оқу-орнын қамтыған кездесуге 100-ден астам жас қатысты.

Сонымен қатар, клуб мүшесі Фатима Салқынбаева өңірдегі жастар ұйымдарының, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының, волонтерлік ұйымдарының белсенділеріне арналған «Көшбасшылық: түсінік пен тәжірибе» тақырыбында оқыту бағдарламасын ұйымдастырды.

Жоба тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аталған клуб Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы жанынан құрылып, кезекті немесе клуб мүшелерінің ұсынысымен кезектен тыс жұмыс отырыстары ұйымдастырылады. Отырыста көшбасшылар аймақтағы мемлекеттік жастар саясаты саласының жай-күйін, жастар арасындағы мәселелерді, сонымен қатар өкілетті органдарға қатысты ұсыныстарды талқылайды. Клуб отырысының қорытындысы бойынша хаттама жасақталады.

**Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз**

| | |
|---|---|
| **Жоба мақсаты:** | Өңірдегі жастар ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттерін олардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы дамыту |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | 1.Өңірде алғаш рет жастар арасында шетелдік тағылымдамадан өту бойынша ашық конкурс өтіп, қоғамдық жұмыспен айналысып жүрген жас азаматтарды ынталандырудың жаңа құралы пайда болды;<br>2.Өңірдегі жастар ұйымдарының 10 жетекшісі Грузия және Қырғыз Республикасында үш күндік тағылымдамадан өтті;<br>3. Өңірдегі 10 ҮЕҰ шетелдік әріптестерімен серіктестік орнатып, тәжірибе алмасты;<br>4. Өңірде жастар арасында беделді, танымалдылыққа ие, кәсіби білікті жастардан тұратын көшбасшылар қауымдастығы қалыптасты. |

| **Міндеті** | **Міндет аясындағы шаралар** | **Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)** | **Сандық және сапалық индикаторлар** | **Индикаторлар** | | **Тиімділік** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **жоспар** | **факт** | |
| 1. Тағылдамаға қатысушы үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту | Тағылымдамадан өтуге арналған конкурсты ұйымдастыру | Жоба басталғаны жөнінде кешенді ақпараттық жұмыс жүргізілді | Әлеуметтік желілерге арналған посттар сериясы<br>Конкурсқа шақыру видеоролигі | 3<br>1 | 82<br>1 | Аталған міндетті жүзеге асыру арқылы өңірде әртүрлі салада жетекшілік етіп жүрген жастарды ынталандырудың құралы пайда болды |
| | | Тағылдамадан өтуге арналған конкурс жарияланды | Конкурс ережесі | 1 | 1 | |
| | | Тағылымдамаға өтуге арналған конкурсқа кемінде 100 өтінім келіп түсті | Үміткерлер<br>Тіркеу бетшесі<br>Құжаттар | 100<br>100<br>100 | 101<br>101<br>101 | |
| | | Тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша конкурстық комиссия | Іріктелгендер<br>Комиссия мүшелері | 50<br>5 | 50<br>5 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жасақталды<br><br>Конкурс комиссия тағылымдамадан өтетін 10 жасты іріктеді<br><br>Тағылымдама бағдарламасын жасақтау бойынша ұсыныстар жиналды | Комиссия жиналысының хаттамасы<br><br>Конкурс жеңімпаздарының құжаты<br><br>Тапсырыс берушіге арналған ұсыным хат | 1<br><br>10<br><br>10 | 1<br><br>10<br><br>10 | |
| 1. Жастар ұйымдарының жетекшілері үшін ТМД елдеріндегі ҮЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдамалар ұйымдастыру | ТМД ҮЕҰ-мен және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында үш күндік сапарды ұйымдастыру | ТМД елдеріндегі ҮЕҰ-мен және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарымен үш күндік сапарды ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөнінде Меморандумға қол қойылды<br><br>Тағылымда бағдарламасы бекітілді<br><br>Тағылымдама қатысушылары ілеспе құжаттармен | Меморандум<br><br>Тағылымдама бағдарламасы<br><br>Логистикалық бағдарлама<br><br>Қажетті имидж материалдар<br><br>Жоспарланған іс-шараларға делегацияның қатысуы<br><br>Қабылдаушы ел<br><br>Әр елге қабылданған | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>10<br><br>2<br><br>5 | 1<br><br>2<br><br>2<br><br>10<br><br>10<br><br>2<br><br>5 | Аймақтағы 10 жас мемлекеттің тікелей қолдауымен Қырғызстан мен Грузия Республикасында ақысыз тағылымдамадан өтті.<br><br>Тағылымдамадан өтушілер еліміздің халықаралық беделі мен елімізде жасалып жатқан игі бастамаларына қатысты «қасаң» пікірлерге өз жауабын алды.<br><br>Еліміздегі мемлекеттік жастар саясаты саласындағы оң |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қамтамасыз етілді<br><br>Қажетті имиджділ материалдар дайындалды<br><br>Өңірдегі жастар ұйымдарының 10 жетекшісі ТМД мүше елдерінде үш күндік тағылымдамадан өтті<br><br>Конкурстық іріктеуден өткен тағылымдама қатысушылары өңір жастарымен тәжірибе алмасты. | жастар<br><br>Тағылыма аясында таныстырылатын ұйым<br><br>Тағылымдамадан өткен жастармен өңір жастарының кездесуіне қатысушылар саны | <br><br>18<br><br>Кемінде 50 адам | <br><br>18<br><br>50 | өзгерістер жөнінде шетелдік әріптестерімен бөлісуге, олардың үздік жобаларымен танысып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. |
| 2. Тағылым дамаға қатысушыларға тағылымдамаға дайындық және одан өту кезеңдерінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету | Тағылымдамаға қатысушыларға тағылымдамаға дайындық және одан өту кезеңдерінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету | Жобаның контент-жоспары бекітілді<br><br>Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жүргізілді<br><br>Әлеуметтік желілерге арналған ақпараттық жазбалар мен видеороликтер дайындалды және | Контент-жоспар<br><br>Пресс-релиз<br><br>Ақпараттық жазба<br><br>Видеоролик<br><br>Интернет порталдарға мақала<br><br>Нұсқаулық | 1<br><br>1<br><br>Кемінде 10<br><br>Кемінде 2<br><br>1<br><br>1 | 1<br><br>1<br><br>82<br><br>17<br><br>5<br><br>1 | Жобалық топ аталған тағылымдамадан бөлек халықаралық тәжірибе алмасу және білім беру бағдарламалары, жастарға арналған халықаралық іс-шаралар туралы тың ақпаратпен бөлісті.<br><br>Ақпараттық қамту нәтижесінде өңірдегі «суық аудиторияны» жанама қамтуға мүмкіндік туды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жарияланды<br><br>Тағылымдамаға өтушілерге арналған нұсқаулық дайындалды<br><br>Тағылымдамаға қатысушылардың мессенджерлерде чат құрылды | | | | |
| 3. Өңірдегі мансаптық өсуге ынталы, кәсіби дағдылар мен басқарушылық құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейіне ие қазіргі заманғы және тиімді жас көшбасшылардың пулын қалыптастыру | Тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған «Жас көшбасшылар клубын» құру және жұмысын жүргізу | Жас көшбасшылар клубы құрылды<br><br>Жас көшбасшыларға арналған пиар-кампаниялар ұйымдастырылды<br><br>Жас көшбасшыларға арналған оқыту бағдарламасы жасақталды және ұйымдастырылды<br><br>Кемінде 2 жас қоғамдық кеңестерге мүше болды | Жас көшбасшылар клубының тұжырымдамасы<br><br>Оқыту бағдарламасы<br><br>Іс-шаралар жоспары<br><br>Іс-шаралар саны<br><br>Қатысушылар<br><br>Ұсыныс хат | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>Кемінде 6<br><br>Кемінде 30<br><br>Кемінде 2 | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>8<br><br>326<br><br>2 | Жоба тұрақтылығын қамту мақсатында қолға алынған бұл бастама өңір жастарын жанына шоғырландырып, әлеуметтік маңызы бар жобаларға бастамашыл жастарды бір арнаға тоғыстырды.<br><br>Өңірдегі әр түрлі салада қызмет етіп жүрген жас көшбасшылардың қауымдастығы қалыптасты |

**Жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланып отырған деңгей | Нақты деңгей |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | **Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде:** | **адам** | **100** | **326** |
| | **халықтың әлеуметтік осал топтарынан** | **адам** | **-** | **-** |
| **2.** | **Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен)** | **адам** | **1000** | |
| **3.** | **Штаттық қызметкерлердің саны** | **адам** | **3** | **3** |
| **4.** | **Тартылған мамандар саны, оның ішінде:** | **адам** | **-** | **-** |
| | **халықтың әлеуметтік осал топтарынан** | **адам** | **-** | **-** |
| **5.** | **Қамтылған ҮЕҰ саны** | **Ұйым** | **-** | **11** |
| **6.** | **Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры** | **теңге** | | |
| **7.** | **Салықтар (ӘС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана))** | **теңге** | | |
| **8.** | **Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу** | **теңге** | | |
| **9.** | **Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және / немесе жеке тұлғалар)** | **ұйым/адам** | | |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

Тапсырыс беруші белгілеген өңірдегі жастар ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттерін олардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы дамыту мақсатын жобалық топ толық орындады. Жоба өтініміне сәйкес өңірдегі 10 жас көшбасшы Қырғызстан мен Грузия Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдардың, волонтерлік және қайырымдылық ұйымдарының, әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының және креатив орталықтарының, заманауи кеңістіктердің қызметімен танысты. Барлығы 18 ұйымның қызметі мен үздік тәжірибелерімен танысқан жас көшбасшылар шетелдік әріптестерімен серіктестік орнатты.

**3. Әлеуметтік жобаны аяқтау және/немесе іске асыру барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

**Жобаға өтінім тапсыру барысында** «Бекен» жас көшбасшылар достастығы Маңғыстау жастарының қажеттілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізді. Әлеуметтік зерттеуге облыс бойынша 398 респондент (сенім интервалы 95%) қатысты, оның 55%-ы әйел (219 адам), 45,5%-ы (181 адам) ер адам. Сауалнамаға қатысқан жастардың 52,8%-ы мемлекет жастарға толық қолдау көрсете алмай

отыр десе, 39,4%-ы кейбір қиындыққа қарамастан, жастардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік бар деп жауап берген. 34,9%-ы қоғамдық жұмыстар жастардың өзін-өзі көрсетуіне әсер етеді деп жауап берген, алайда 89,7%-ы қоғамдық белсенділігі кезінде шетелдік тәжірибе алмасу алаңдарына қатысып көрмеген. Жастардың 38,4%-ы ерікті түрде жастар ұйымдарының шарасына қатысқан, 64,9%-ы жастар ұйымдары білім беру бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға басымдық беру керек деп көрсеткен.

Жоғарыда көрсетілген деректер – Маңғыстау облысында жастар ұйымдарына олардың қызметіне консультативтік, ақпараттық және әкімшілік қолдау көрсету, жастар арасында беделге ие, белсенді әрі білімді жас қоғамдық пікір көшбасшыларына қалыптастыру арқылы қоғамдық қызметпен айналысуды насихаттау, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндігі мен әлеуетін арттыру мақсатында отандық немесе шетелдік тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

**Жоба қорытындысы бойынша** өңірдегі қоғамдық қызметпен айналысып жүрген жас азаматтарды ынталандыру құралы пайда болды. Аймақта жастар ұйымдарының беделі артып, жас көшбасшылардың пулы қалыптасты. Өңірдегі 10 жас мемлекеттің тікелей қолдауымен шетелдік тағылымдамадан өтуге, шетелдік әріптестік орнатуға мүмкіндік алды. Тағылымдамадан өтушілер шетелдік тәжірибені өңірге әкеліп, қоғамдық ұйым ашуға ниетті екенін жеткізді.

**Тағылымдамаға қатысушы Ұлмекен Жарасбаева:** «Тағылымдамадағы «Дадари», «Бабале» ерекше жандарды қызмет түрлерімен қамтып отырған кәсіпкерлік нысандарының маған қатты әсер еткені сол, алдағы уақытта ерекше балалардың ата – аналарына қолдау көрсете отырып, ерекше білім беру мен күтімді қажет ететін балаларға білім беріп қана қоймай, қандай да бір қызмет түрімен қамтитын үкіметтік емес ұйым ашамын деген тоқтамға келдім. Мен мұғалім ретінде бір мектептің ішінде шектеліп, қалып қана қоймай, қоғамда, толықтай дерлік қоғамға қызмет ету қажет екенімді ұққандай болдым. Креативті, ерекше идеялы, ізденімпаз, талапшыл, сөзі өтімді біздей жастар тұрғандай бір шектеулі жерде қызмет еткеніміз қате екенін түсіндіргендей болды...» *Байланыс телефоны: 87782773112*

4. **Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісіндегі статистикалық ақпарат (аралық бағдарламалық есепті ұсыну сәтінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Барлық қатысушылар саны | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 326 | 133 | 193 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметшілер | Бюджеттік ұйым жұмысшылары | Мүгедектер | Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде: | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 326 | - | 263 | 4 | 31 | - | - | 8 | 9 | 11 | - |

**Жас көрсеткіші:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 326 | - | 281 | 40 | 5 | - | - | - |

**5. Әлеуметтік жоба нәтижесі**

• ***көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері:*** Жоба аясында 18-28 жас аралығындағы Маңғыстаулық жастар арасында ең ауқымды байқау жарияланып, шетелдік тағылымдамадан өтуге 101 жас үміткер болды. Техникалық іріктеуден өткен 50 көшбасшы, конкурстық комиссия алдында таныстырылым жасап, білікті мамандардың кеңесін алды. Жоба нәтижесі бойынша 10 жас 2 елде тағылымдамадан өтіп, 18 ұйымның қызметімен танысты.

• **** жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері:*** Орталықтан шалғай орналасқан Маңғыстау облысының жастарының шетелдік сапарға шығып, өзге елдің қоғамдық-саяси ахуалымен танысуы – «протестік көңіл-күйі» басым өңір жастарының көкжиегін кеңейтіп, еліміздегі әлеуеметтік, экономикалық, саяси өзгерістерге қатысты оң пікір қалыптастыруға септігін тигізді. Сонымен қатар, тағылымдамадан өтушілердің азаматтық қоғам өкілдерінің әлеуеті жөнінде пікірі қалыптасып, аталған салаға қатысты қызығушылығы пайда болды. Бұл өз кезегінде өңірде жастар ұйымдары пайда болып, жастарға арналған әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуына жол ашады.

• **** әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы:*** «Бекен» жас көшбасшылар достастығы жоба нәтижесінде қол жеткізілген көрсеткіштерді негізге ала отырып, Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасына келер жылы мемлекеттік грант есебінен жастар ұйымдары үшін еліміздегі ірі ҮЕҰ-нда, жастар ұйымдарында, жастар орталықтарында, креативті орталықтарында тәжірибе алмасуды ұйымдастыруына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде тағылымдама ұйымдастыруды өңір жастарын ынталандырудың бірден-бір құралы ретінде пайдалануға, оның қоғамдық эффектісін көруге мүмкіндік береді. Ұйым өңірдегі жастар

ресурстық орталықтары мен үкіметтік емес ұйымдарымен шетелдік және отандық әріптестік әлеуетімен тұрақты бөлісіп отырады. Ұйым ауқымды шетелдік іс-шаралар, тағылымдамалар, бағдарламалар туралы ақпараттарды таратуға басымдық береді.

**5. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда?**

Жобаны жүзеге асыруда ақпараттық және жастарды тарту бойынша өңірдегі жастар ресурстық орталықтары, жастар ұйымдары белсенді қатысты. Жоба аясында ұйымдастырылған байқау аталған орталықтар мен ұйымдардың жастар арасындағы беделін артты.

Мақсатты аудиторияның тікелей және жанама қамтылуына аймақтық БАҚ өкілдері зор үлес қосты.

Жоба аясында өткен тағылымдаманы ұйымдастыру шетелдік серіктестердің қолдауымен ғана жүзеге асты. «Жақсы ниет» қоғамдық қоры (Қырғызстан Республикасы) мен Center of Contemporary Art – Tbilisi (Грузия Республикасы) ұйымы ақысыз негізде тағылымдама бағдарламасын жасақтауға, шетелдік ұйымдармен байланыс орнатуға қолдау көрсетіп, аталған сапардың барлық ұйымдастырушылық кезеңін толық орындады.

Жобалық топ шетелдік әріптестікті нығайту үшін өзара іс-қимыл жөнінде келісімге келді. Нәтижесінде, «Бекен» жас көшбасшылар достастығы Қырғызстандағы «Жастарды дамыту институты» ұйымымен жасөспірімдерді кәсіби бағдарлау бойынша тәжірибе алмасу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді. Ұйымның кәсіби бағдарлау ойындарының авторлық құқығын сатып алу жөнінде келіссөз жүргізілді.

Грузия Республикасындағы «Babale» әлеуметтік кәсіпкерлігі өңірдегі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру бойынша аймақтағы ҮЕҰ-мен тәжірибе алмасуға, методикалық көмек көрсетуге дайын екендігін жеткізді.

<u>**Әлеуметтік жобаның серіктестері**</u>

**Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.**

| Ұйым атауы /Серіктестіктің Т.А.Ә. | Жобадағы орны | Ұйымның, серіктестіктің байланыс деректері | Ескерту |
|---|---|---|---|
| Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы | Мүдделі тарап | 8702 690 8189 | Қуанышбеков Батырхан Кенжеғалиұлы |
| Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8702 181 0808 | Сали Нұртас Төребекұлы |
| Маңғыстау облысының жастар | Жобаға жастарды тарту, | 8701 323 0737 | Фазылбек Абылай Фазылбекұлы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ресурстық орталықтары:<br><br>1. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы;<br>2. Мұнайлы аудандық жастар ресурстық жастар ресурстық орталығы;<br>3. Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы;<br>4. Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы;<br>5. Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы;<br>Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы | ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | | |
| Ақтау қаласының қоғамдық даму орталығы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8778 487 8200 | Арықбан Гүлмира |
| Жаңаөзен қаласының қоғамдық даму орталығы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8707 887 6032 | Тайжанов Нұрлығасыр |
| «Жақсы ниет» қоғамдық қоры (Қырғызстан Республикасы) | Халықаралық сараптамалық қолдау, тағылымдаманы ұйымдастыруға қолдау көрсету | +996 777 335 712 | Нұржігіт Асанов |
| Center of Contemporary Art – Tbilisi (Грузия Республикасы) | Халықаралық сараптамалық қолдау, тағылымдаманы ұйымдастыруға қолдау көрсету | +995 577 468 446 | Вато Церетели |
| «Jas Otan» ЖҚ Маңғыстау облысының филиалы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8701 941 3754 | Марат Абзал Ғабитұлы |
| «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8708 404 2340 | Мағдатов Наурызбек Серікұлы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Parasat Pro» қоғамдық қоры | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8708 157 9481 | Ізтұрғанов Ғазиз Бауыржанұлы |
| «Маңғыстау медиа» ЖШС | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8701 247 5280 | Әбішова Гүлмира Айткенқызы |
| «Маңғыстау» телеарнасы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. | 8702 111 3143 | Бимағамбет Әнуар Қосымұлы |

**Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:**

| № | Жоба атауы | Орындылығын негіздеу (проблеманы сипаттау) | Мақсат | Міндеттер | Қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі бағыттары) | Қажетті сома | Іске асыру орны (жобаның географиясы) | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Кәсіби бағдар» жобасы | Өңірдегі жастар арасындағы өзекті мәселенің бірі – жұмыссыздық мәселесі. Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірдегі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі өткен жылы 3,6% құраған. Ресми статистика жұмыспен қамту орталықтарына тіркелген жастарды ғана | Мамандық таңдау процесінде жасөспірімдерге кәсіби бағдарлау бойынша қолдау көрсету, жасөспірімдердің өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып кәсіби өзін-өзі | - Ақтау қаласындағы жасөспірімдер үшін кәсіби бағдар берудің тиімді бағдарламаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;<br>- Кәсіби бағдар беру мәселелерінде жасөспірімдерге тұрақты қолдау көрсету үшін тиімді ресурс құру;<br>- Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі құзыреттіліктерін | «Кәсіби бағдар» жобасы жасөспірімдердің үйлесімді әлеуметтенуіне және еңбек нарығында бейімделуіне ықпал ететін кәсіби өзін-өзі анықтау құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Аталған жобада кәсіби бағдарлау көшпелі сессиялар | 9000000 | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | Жобаны жүзеге асыру барысында жасақталған кәсіби өзін-өзі анықтау тестілеуі өңірдегі барлық жасөспірімдердің пайдалануына ашық әрі қолжетімді болады. Өңірдегі мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтар |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | есепке алатынын және пандемия салдарынан жұмыссыз қалған жас азаматтардың көбейгенін ескерсек, жұмыссыздық деңгейі әлдеқайда жоғары.<br>Жұмыссыздық мәселесі – өңіріміздегі әлеуметтік-қоғамдық ахуалдың тұрақсыздығына әкеліп соғуда. Жұмыссыздық мәселесі ушығуының бір себебі – жастар мен жасөспірімдер арасындағы кәсіби бағдарлау жұмысының жүйелі жүргізілмеуі болып отыр. Сонымен қатар, еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің арасындағы байланыстың нашарлығы себеп болып отыр.<br>«Атажұрт» халықаралық қоғамдық қоры жүргізген зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, Қазақстандағы мектеп түлектерінің 70% мамандық таңдауда қателеседі екен. Ал, елде тіркелген жұмыссыздардың 74% | анықтауына жағдай жасау | қалыптастыруға жағдай жасауға ықпал ететін әдістемелік және дидактикалық құралдарды іздеу, іріктеу, әзірлеу және құрылымдау;<br>- Жасөспірімдерді және олардың ата-аналарын еңбек нарығындағы мамандықтар қажеттілігі мен кәсіби бағдарлау жұмысының өзектілігі туралы хабардар ету;<br>- Жасөспірімдер, ата-аналар және мектеп педагогтарымен бірлесе оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша диагностикалық шараларды жүйеге енгізу;<br>- Жасөспірімдерге, ата-аналарға педагогтарға арналған жасөспірімдерді кәсіби бағдарлау бойынша бірыңғай әдістемелік құрал дайындау. | түрінде өткізіледі, оның барысында қатысушылар топтық және жеке консультациялар, кәсіптік бағдар беретін интерактивті ойындар, кәсіби өзін-өзі анықтау тренингтері, психологиялық тестілеу, профориентолог мамандардың ақпараттық сағаттарынан өтіп саналы түрде мамандық таңдауға мүмкіндік алады.<br>Аталған жобаның алғашқы кезеңінде Ақтау қаласының пилоттық негізде 10 мектеп, оның ішінде 8-11 сынып аралығындағы 500 оқушы кәсіби өзін-өзі анықтау тестілеуінен өтеді. Тестілеу нәтижесі бойынша жасөспірімдерге | | | кәсіби бағдар беру бойынша біліктілігін арттырып, жаттықтырушы ретінде білімі мен тәжірибесін балалар және олардың ата-аналарымен жұмыс жасауда, өзге мектептегі әріптестерімен тәжиібе алмасуда пайдаланады.<br>Жоба соңында жасөспірімдерді кәсіби бағдарлау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігіне, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығына ұсыныстар беріледі.<br>Жасөспірімдерге кәсіби бағдар беру бойынша |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кезінде мамандықты ата-анасының немесе басқа да таныстарының нұсқауымен таңдай салғанын айтқан. Соның салдарынан университет түлектерінің жартысынан астамы өз мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Ал, жұмыс берушілердің 91% оқу орнының қабырғасынан енді келген жас кадрлардың талапқа сәйкес келмейтінін алға тартады.<br><br>Сонымен қатар, көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар мамандандырылған кәсіби кадрларға өте мұқтаж және бос жұмыс орындарының толық спектріне үміткерлерді таба алмайды.<br><br>Аталған мәселелерге келесідей бірқатар жағдайлар себеп болып отыр:<br><br>- Мамандық | | | арналған өмірлік маңызы бар дағдыларды қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасы жасақталады және жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тестілеуге қатысқан оқушылардың сұранысы бойынша жобаның екінші кезеңінде кемінде 5 өндіріс орнына (кәсіпорын, мекеме) танымдық экскурсия ұйымдастыралды. Экскурсия арқылы болашақ жас мамандар нақты жұмыс орындарымен, еңбек жағдайларымен танысады, кәсіпорындардың табысты жұмысшыларымен, өз ісінің | | | жұмыс жасау стандарты қалыптасады. Аталған жобаның мерзімі аяқталған соң, өңірдегі жастар ресурстық орталықтары, білім басқармасы жүзеге асыруды жалғастырады және ауқымын кеңейтеді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таңдауды саналы түрде жасауға мүмкіндік беретін кәсіби бағдарлаудың кешенді жүйесі жоқ.<br>- Жасөспірімдер еңбек нарығында сұранысқа ие емес "сәнді" мамандықтар бойынша оқуды таңдайды.<br>- Жоғары оқу орындары нарық қажеттіліктерін бағдарламайды, жастардың "сәнді" қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жұмыс істейді (әдетте ақылы).<br>- Талапкерлердің ата-аналары жасөспірімдерді одан әрі жұмысқа орналасу процестерін түсінбестен "беделді" мамандықтар алуға көндіре отырып, өзекті кәсіптер мен қазіргі еңбек нарығын ескермейді<br>- Мектептерде қолданылатын кәсіптік бағдарлаудың ескірген әдістері жоғары сынып | | | кәсіпқойларымен қарым-қатынас жасайды, бұл болашақта балаларға таңдаған мамандығының перспективаларын бағалауға, жұмыс орнын таңдау бойынша саналы шешім қабылдауға көмектеседі.<br><br>Жобаның үшінші кезеңінде ата-аналарға арналған кәсіптік бағдар беретін ақпараттық сағаттар, профориентолог мамандардың топтық және жеке консультациялары, лекториумдар ұйымдастырылады.<br>Жобаның төртінші кезеңінде барлығы 10 мектептен 20 мектеп психологы мен әлеуметтік педагогына арналған профориентолог | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оқушыларының сұраныстарына сәйкес келмейді және жасөспірімдер (және олардың ата-аналары) басқалардың пікірін тану ретінде қабылдайды. Аталған деректер елімізге кәсіптік бағдарлау жұмысының сапасын арттыру қажет екенін көрсетеді. | | | мамандардың қатысуымен семинар-тренинг ұйымдастыру арқылы қатысушыларға кәсіби бағдарлау тренинг өткізу үшін қажетті дағдыларды игереді, нақты әдістер / әдістерді үйренеді және олардан жаттықтырушылар (тренерлер) дайындалады. Жоба қорытындысы бойынша жасөспірімдерге, ата-аналарға педагогтарға арналған жасөспірімдерді кәсіби бағдарлау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігіне, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне, «Жастар» ғылыми- | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зерттеу орталығына ұсыныстар беріледі. | | | |

**(Сіз ұсынған грант тақырыбы сәйкес келетін грант беру бағытын таңдаңыз)**
**1) білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;**
**2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;**
**3) қоршаған ортаны қорғау;**
**4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;**
**5) демография мәселелерін шешу;**
**6) гендерлік мәселелерді шешу;**
**7) халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;**
**8) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету;**
**9) азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу;**
**10) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;**
**11) мәдениет пен өнерді дамыту;**
**12) тарихи-мәдени мұраны қорғау;**
**13) Қоғамдық келісім мен ұлт бірлігін нығайту болып табылады;**
**13-1) есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметтеріне жәрдемдесу;**
**13-2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу**

**Мемлекеттік органдаға әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| **Мемлекеттік органдар** | **Ұсынымдар** | **Әзірленген ұсынымдарды жолдау туралы хаттың нөмірі мен күні** ***(хаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)*** |
|---|---|---|
| Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы | Өңірдегі жастар қызметкерлеріне арналған тәжірибе алмасу бағдарламасын жасақтау | 16 қараша 2022 жылғы №22-22 ресми хаты |
| Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы | Өңірдегі ҮЕҰ жетекшілерінің халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету | 16 қараша 2022 жылғы №22-25 ресми хаты |

**Есептегі беттердің жалпы саны:** 26

Басшы / М. М. / М. Ержан

**Басшының не оның орынбасарының лауазымы, Т. А. Ә, (болған жағдайда)**

Толтырылған күні 16.11.2022 ж.

Мөрдің орны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТАУ Қ. ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. АКТАУ

«БЕКЕН»
ЖАС КӨШБАСШЫЛАР ДОСТАСТЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«СОДРУЖЕСТВО МОЛОДЫХ ЛИДЕРОВ
«БЕКЕН»

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,130000, 6 ш/а «Жастар үйі» ғимараты*
*тел: 8 (778) 788 0087 beken.zhastary@gmail.com*

16 қараша 2022 ж. №22-22 16 ноября 2022 г.

**Маңғыстау облыснын жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Б.Қуанышбековке**

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры ағымдағы жылы Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының **«Жастар ұйымдарының көшбасшылары үшін ТМД елдеріне тағылымдамалар» жобасын жүзеге асырған болатын.**

Жоба аясында байқау жарияланып, байқауға 101 өтінім түсіп, байқау Ережесіне сәйкес келген және өтінімді толық толтырған 50 жас конкурстық кезеңге **конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен 10 жас шетелдік тағылымдамадан өтуге жолдама** алған болатын.

Өзіңіз басқарып отырған басқарманың тікелей қолдауымен **Маңғыстаулық 10 жас Қырғызстан және Грузия Республикасында тағылымдамадан өтіп**, аталған елдердегі үкіметтік емес ұйымдардың, әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының, жастар ұйымдарының қызметі мен үздік тәжірибелерімен танысты.

Жоба өңір жастары арасында қызығушылыққа ие болып, аталған бағыттағы әлеуметтік жобаларға сұраныс пайда болды. Жобалық топқа **аймақтағы жастар ресурстық орталықтары басшылары тарапынан облыстағы жастар қызметкерлеріне арналған шетелдік немесе отандық тәжірибе алмасу бағдарламасын жүзеге асыру** бойынша нақты ұсыныстар келіп түсті.

Жобалық топ өз кезегінде бастаманың жүзеге асуына жан-жақты қолдау көрсетуге, консультациялық және методикалық көмек көрсетуге дайын екендігін хабарлайды.

Аталған ұсынысты ескере отырып, **«Бекен» жас көшбасшылар достастығы келер жылы өңірде жастар қызметкерлеріне арналған шетелдік немесе отандық тәжірибе алмасу бағдарламасының жүзеге асуына** ықпал етуін сұрайды.

**Директор** **М.Ержан**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТАУ Қ. ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ «Бекен» жас көшбасшылар достастығы ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. АКТАУ

«БЕКЕН»
ЖАС КӨШБАСШЫЛАР ДОСТАСТЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«СОДРУЖЕСТВО МОЛОДЫХ ЛИДЕРОВ
«БЕКЕН»

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,130000, 6 ш/а «Жастар үйі» ғимараты*
*тел: 8 (778) 788 0087 beken.zhastary@gmail.com*

16 қараша 2022 ж. №22-25 16 ноября 2022 г.

**Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасының басшысы Н.Салиге**

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры ағымдағы жылы Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының **«Жастар ұйымдарының көшбасшылары үшін ТМД елдеріне тағылымдамалар» жобасын жүзеге асырған болатын.**

Жоба аясында байқау жарияланып, байқауға 101 өтінім түсіп, байқау Ережесіне сәйкес келген және өтінімді толық толтырған 50 жас конкурстық кезеңге **конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен 10 жас шетелдік тағылымдамадан өтуге жолдама** алған болатын.

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тікелей қолдауымен **Маңғыстаулық 10 жас Қырғызстан және Грузия Республикасында тағылымдамадан өтіп**, аталған елдердегі үкіметтік емес ұйымдардың, әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының, жастар ұйымдарының қызметі мен үздік тәжірибелерімен танысты.

Жоба өңірдегі ҮЕҰ өкілдерінің арасында қызығушылыққа ие болып, аталған бағыттағы әлеуметтік жобаларға сұраныс пайда болды. Жобалық топқа **аймақтағы үкіметтік емес ұйымдарының басшылары тарапынан облыстағы азаматтық қоғам өкілдерінің халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету** бойынша нақты ұсыныстар келіп түсті.

Жобалық топ өз кезегінде бастаманың жүзеге асуына жан-жақты қолдау көрсетуге, консультациялық және методикалық көмек көрсетуге дайын екендігін хабарлайды.

Аталған ұсынысты ескере отырып, **«Бекен» жас көшбасшылар достастығы келер жылы өңірде «Азаматтық қоғам өкілдерінің халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету» жобасының жүзеге асуына** ықпал етуін сұрайды.

**Директор** **М.Ержан**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТАУ Қ.
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
«Бекен» жас көшбасшылар достастығы»
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. АКТАУ